



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2.09.2025 № 122

Астана қаласы

город Астана

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
шараларын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмалары және 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, парасаттылық пен адалдық қағидаттарын нығайту, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бағытында түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Мектептішілік сыбайлас жемқорлықтың алдын алу кеңесі құрылсын.

Кеңес құрамына:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Е. Тулбақан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
2.	М. Омаров	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
3.	З. Ченыбаева	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
4.	А. Мошке	Педагог-психолог
5.	Ф. Тулеген	Әлеуметтік педагог
6.	С. Ратова	Учаскелік инспектор
7.	Г. Тоқтар	Ата-аналар комитеті

3. Кеңес келесі бағыттарда жұмыс жүргізсін:
 - оқушылар мен ата-аналарға адалдық, әділдік, парасаттылық туралы сынып сағаттарын, кездесу, пікірталас, эссе, байқаулар ұйымдастыру;
 - «Адал ұрпақ», «Саналы ұрпақ» клубтарының жұмысын жандандыру;
 - мектеп қабырғасында пара беру, сыйлық жасау, міндеттемесіз демеушілікке жол бермеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
4. Сынып жетекшілерге оқушылармен және ата-аналармен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Адал болу – ардың ісі» тақырыптарында іс-шаралар өткізу тапсырылсын.

5. Педагогикалық кеңес және ата-аналар жиналыстарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері жүйелі түрде қарастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Е. Тулбакан, М.Омаровқа жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмалары және 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары.

Мектеп директоры



А.Рамазанова